

«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің I вице-ректоры  
Женгиз Томар  
« 4 » 10 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің ректоры  
Ж.Темірбекова  
« 10 » 2022 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ САЯСАТЫ

ЖС-ХҚТУ-001-2022

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығымен  
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және  
сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік  
университеті Сенат мәжілісінің 2022ж. « 4 » 10  
№ 2 шешімімен БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

3. ЕНГІЗІЛДІ – 2022ж.
4. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>ЖС-ХҚТУ-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет саясаты</b>	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат</b>		<b>13 беттің 2-ші беті</b>

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен байланысты мәселелерді алдын ала қарау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар дайындаудың шарттарын белгілейді.

2. Бұл Саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

3. Университеттің осы Саясаты Ахмет Ясауи университетінің барлық құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

4. ЖС-ХҚТУ-001-2022 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Ахмет Ясауи университеті сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)**

2.1 Университет Саясатында төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Конституциясы;
- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- ҚР «Еңбек Кодексі»;
- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы;
- ISO 9001-2015 «Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар» стандартын;
- ISO 37001-2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Талаптары мен қолдану жөніндегі нұсқаулық» стандарты;
- Университет Жарғысы;
- 2026 ж. дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару процедурасы.

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Университет Саясатында төмендегі қысқартулар қолданылады:

Ахмет Ясауи университеті, Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ОПҚ– оқытушы-профессорлар құрамы;

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі;

ЖС – жемқорлыққа қарсы саясат;

ҚБ – құрылымдық бөлімдер;

Саясат – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты;

Комплаенс қызметі - Университеттің Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының қызметі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖС-ХКТУ-001-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет саясаты</b>	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат</b>		<b>13 беттің 3-ші беті</b>

## **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Ахмет Ясауи университетінің жоғары басшылығы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты талаптарының енгізілуіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы Саясатының сапалы орындалуына университеттің жоғары басшылығы жауапты болып табылады.

## **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңында, сондай-ақ өзге заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер және осы Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар *сыбайлас жемқорлық* пен *құқық бұзушылықтар* болып табылады.

### **5.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері**

5.1.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын-алу және құқық бұзушылықты азайту шараларын жүргізу болып табылады.

5.1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттердің орындалуы ұйғарылады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде заңнама қағидаларының сақталуын қадағалап орындауға, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана-сезім деңгейін көтеруге, университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатына белсенділік сипатын беруге бағытталған ауқымды ағарту шараларын ұйымдастыру және өткізу арқылы ОПК мен қызметкерлерге, білімгерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және дамыту (Қосымша 1, 2), сыбайлас жемқорлықтың қандай да болмасын көріністерін қабылдамайтын, сынға алатын ашық түрде жақтырмайтын жағдай туғызу;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖС-ХКТУ-001-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет саясаты</b>	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат</b>		<b>13 беттің 4–ші беті</b>

2) Университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметінің ашық және жариялылық жағдайларында және университет стратегиялық міндеттерінің орындалуын бақылау және құрылымдық бөлімдердегі «сыбайлас жемқорлық» көрінісін анықтау үшін сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алу және азайту мақсатымен өткерілетін оқу-тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелік деңгейін көтеру;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерді анықтау, оларды тыйым салу мақсатында қатаң жауапкершілікке тарту. Сыбайлас жемқорлықтың ұжымда орын алу жағдайлары мен себептерін анықтай отырып қолайлы, қатерлі тұстарын түзету, оның алдын-алу шараларын, құқықтық сана-сезім деңгейін көтеру;

4) Сыбайлас жемқорлықтың ұжым арасында терең сипат алуына тосқауыл жасау мақсатында құрметті атақтар мен лауазымды қызметтер атқаруына қарамастан жауапкершілікке тарту;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерге құқық қорғау органдарынан келіп түскен хабарламаларға сүйене отырып, қатаң шаралар қолдану (жұмыстан шығару, мемлекеттік құқықтық органдарға жолдау және т.б.) және ол қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлім басшыларын да тікелей жауапкершілікке тартуды қарастыру;

6) Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қатысқан жағдайда, өздерінің қатаң жазаланатындарын білетіндей үздіксіз жағдай қалыптастыру.

## **5.2 Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың түрлері**

Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, білімгерлері және оқу-көмекші персоналдарының мынадай әрекеттері сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болып табылады:

1) Университет басшылығы тарапынан бекітілген оқу орнының бас құрылымына сәйкес, бағыныштылықтан тыс басқа құрылымдардың қызметіне заңсыз араласу;

2) Университет қызметкерлерінің материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде лауазымды тұлғалардың өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану;

3) Қызметке тұратын және қызметін жоғарылататын қызметкерге заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық және т.б.);

4) Университет бойынша түрлі деңгейдегі қаулылар, шешімдер дайындау кезінде шешім мәтініне қабылдау алқасының келісімінен тыс заңсыз артықшылықтар рәсімдеп жіберу;

5) Университет аумағындағы білімгерлерге, ОПК-ға, қызметкерлерге тұрмыстық, әлеуметтік, мәдени-көпшілік, спорттық және ойын-сауық демалыстарын ұйымдастыру кездеріндегі табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметтерге заңдарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6) Қызметтік нұсқауларда бекітілген міндеттерін атқару кезінде алынған ақпаратты, егер ол ресми жариялауға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерге пайдалану;

7) Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлеріне, оқытушы-профессорлар құрамына, білімгерлеріне және оқу-көмекші персоналдарына атқарып жатқан қызметіне сәйкес берілуі заңдарда көзделген ақпаратты беруден негізсіз бас тарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру;

8) Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, білімгерлері және оқу-көмекші персоналдарының арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әлденеше рет бұзу;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖС-ХКТУ-001-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		13 беттің 5-ші беті

9) Жоғары тұрған ресми адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін аталған адамдарға сыйлықтар беру және қызметтік нұсқауда бекітілген өз қызметінен тыс қызмет көрсету;

10) Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлеріне, оқытушы-профессорлар құрамына, білімгерлеріне және оқу-көмекші персоналдарына олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда көрінеу кедергі жасау;

11) Оқу орны деңгейіндегі бақылау мен қадағалау міндеттерін университеттегі ондай мәртебесі жоқ тұлғаларға жүктеу;

12) Қызметтік нұсқауларында белгіленген немесе өздеріне тиісті міндеттерін атқарғаны үшін, егер заңдарда өзгедей көзделмесе, ақшалай, көрсетілетін қызмет және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау.

### **5.3 Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктер**

5.3.1 Ахмет Ясауи университеті қызметкерлерінің, оқытушы-профессорлар құрамының, білімгерлерінің және оқу-көмекші қызметкерлерінің осы Ережедегі 5-баптың 5.2-тармағының 1), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында аталған қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда, заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде ҚР еңбек Кодексі нормаларына сәйкес тәртіптік жаза қолданылады.

Алғашқы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін, бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтардың кез келгенін қайталап жасау, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе өзіне жүктелген міндеттерді атқарудан босатылады.

Ахмет Ясауи университеті қызметкерлерінің, оқытушы-профессорлар құрамының, білімгерлері және оқу-көмекші қызметкерлерінің осы Ережедегі 5-баптың 5.2-тармағының 2), 3), 4), 5), 11), 12) тармақшаларында аталған қандай да бір құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе қызметтік нұсқауда бекітілген қызметтерді орындауын тоқтатуға әкеп соғады.

5.3.2 Ахмет Ясауи университеті қызметкерлерінің, оқытушы-профессорлар құрамының, білімгерлерінің және оқу-көмекші қызметкерлерінің осы Ережедегі 5-баптың 5.2-тармағының барлық тармақшаларында аталған, қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы жөніндегі ақпарат, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болса, комплаенс-бақылау қызметінің ұсынысымен, университет ректоры мемлекеттік құқықтық органдарға жолдауға міндетті.

5.3.3 Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-қимыл жасаған тұлға анықталған жағдайда, тәртіптік жаза теріс қылықтың жасалғаны анықталған күннен бастап, ҚР қолданыстағы заң нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.3.4 Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға төмендегідей жауаптылық белгіленеді: Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, білімгерлері және оқу-көмекші қызметкерлері жөнінде сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған университет персоналы комплаенс-бақылау қызметінің ұсынысымен жоғары

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖС-ХКТУ-001-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат</b>		13 беттің 6-ші беті

басшылық тарапынан тәртіптік ретпен қызметінен босатылады немесе тиісті міндеттерді атқарудан шеттетіледі.

#### **5.4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен жолдары**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;
- 2) Факультеттер мен құрылымдық бөлімдерде қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шараларын жүргізіп отыратын белсенді жұмысшы топтарын құру;
- 3) Жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау мақсатында университетте арнайы бір сенім телефонын орнату және келіп түскен хабарларды тіркеу журналын ашу. Сонымен қатар, барлық оқу ғимараттарында хабарламалар, арыз-шағымдар салуға арналған сенім жәшіктерін орнату;
- 4) Университет әкімшілігі айына бір рет, кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдау жұмысын жүргізуді ұйымдастыру;
- 5) Оқу ғимараттарында, деканаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылған іс-шаралар жайлы мәліметтерді жария ету, стендтер әзірлеу;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жайлы баспасөз беттерінде жария ету;
- 7) Университет басшылығының келісімімен қабылдау комиссияларының жұмысын және бакалавриат, магистратура, резидентура мен докторантураға қабылдау үдерістерінің ережеге сәйкес жүргізілуін бақылау, Түркия тарапынан бөлінетін гранттардың дұрыс бөлінуін, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, сессия барысында аралық бақылау, емтихандарды тапсыру барысының ережеге сай өтуін бақылауға алу;
- 8) Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректорына қатысты құрылымдар мен деканаттар тарапынан жатақханалардағы орындарды бөлу, студенттер мен ата-аналар арасында жариялық, ашықтық принциптерінің орындалуын бақылауға алу;
- 9) Мемлекеттік бағдарламалар және университеттің бас жоспары бойынша жүргізілетін күрделі құрылыстар мен жөндеу жұмыстарының сапасына және оған бөлінген қаржылардың тиімді пайдаланылуына қоғамдық бақылау жүргізіп отыру;
- 10) Университетке бюджеттік және басқа да қызмет көрсету салаларынан түскен қаржылардың жоспарланған бағытта жұмсалыуы мен мерзімді, тиімді игерілуін, тауарлар сатып алу және басқада қаржылық аударымдар бойынша тиімсіз пайдалануға, қаржылық тәртіптің бұзылуына жол бермеу және алдын алу мақсатында этика және тәртіптік комиссиясы тарапынан қоғамдық бақылау орнату;
- 11) Жастар ұйымымен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл акцияларын өткізу;
- 12) Этикалық және тәртіптік комиссиясының жұмысын өзектендіру;
- 13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы адалдық алаңдарын құру;
- 14) Факультеттерде білім алушылар арасында төмендегі тақырыптар аясында құқықтық тәрбие сағаттарын өткізуді жоспарлау:
  - a) «Жемқорлық-індет, аластау міндет»;
  - b) «Жемқорлыққа жол жоқ»;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖС-ХҚТУ-001-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		13 беттің 7–ші беті

- с) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімгерлердің көзқарастарын анықтау;
- д) «Таза сессия» және тағы басқа тақырыптық шаралар ұйымдастыру.
- 15) Бұқаралық ақпарат құралдарына шығу, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- 16) Құқық қорғау органдарының және педагогикалық қызметкерлермен бірлескен сыбайлас жемқорлық мәселелері жайлы факультеттерде дәрістер ұйымдастыру;
- 17) Құқықтану кафедрасына университет қызметкерлері, білімгерлері, магистранттары мен докторанттарына сыбайлас жемқорлықтың төндіретін қауіп-қатерлері, оларға қарсы іс-қимылдар тәсілдері жайлы ақпарат беретін құралдар (оқу-әдістемелік құралдар), жадынамалар әзірлеуді тапсыру;
- 18) Журналистік тексеру жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізуге болашақ журналистердің көмегін пайдалану;
- 19) Университет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлерінің, білім алушы жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында конференциялар, семинарлар, пікірталастар мен құқықтық тәрбие сағаттарын өткізу;
- 20) Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Ұлттық бірыңғай және кешенді тест тапсыру, білімді бағалау кезеңдерінде аралық, ағымдағы және қорытынды емтихан қабылдауда дәрісханалар мен дәліздерде бейне бақылау қондырғыларын орнату және олардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану;
- 21) Білімгерлердің жатақханаларға орналасуы және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылау, сыбайлас жемқорлыққа апарып соқтыратын әрекетке жол бермеу;
- 22) Университетте сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес саясатын жүзеге асыруға қатысқан қызметкерлер мен студенттерді мадақтау, белсенділігін арттыру, басқа да ынталандыру шараларын қолдану.

## **5.5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысты функциялар мен өкілеттіктер және оның жұмысын ұйымдастыру**

5.5.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысты функцияларды Комплаенс бақылау қызметі, Ішкі қауіпсіздік департаменті, Этикалық және тәртіп комиссиясы жүзеге асырады.

5.5.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдап, университет басшылығына ұсынады.

5.5.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жай-күйіне, университет ОПК мен қызметкерлерінің қызмет этикасын бұзушылықтарына, комиссия және жұмыс тобының мәліметтері мен ақпараттарына сәйкес мониторинг жүргізу және талдау жасалады.

## **6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

6.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару процедурасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша 3).



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖС-ХКТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		13 беттің 8-ші беті








## 7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Адам ресурстарын басқару бөлімі басшысына жүктеледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау келесі адресстер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, факультет декандары, ғылыми-зерттеу институтының директорлары, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер және білімгерлер.

7.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бақылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры		А.Ошибаева
Академиялық мәселелер вице-ректоры		Э.Идрисова
Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры		А.Тұрғанбаев
Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры		Пусат Пилтен
Жауапты хатшы		Г. Байсенкул
Ішкі қауіпсіздік департаментінің директоры		Б.Ермаханбетов
Заң бөлімінің басшысы		Г.Мусаханов



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖС-ХКТУ-001-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		13 беттің 9-ші беті

Қосымша 1  
Ф-ОБ-001/230

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкестік КОМПЛАЕНС-ПАРАҒЫ

Мен, \_\_\_\_\_

*(Білімгердің аты-жөні, факультеті, тобы)*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – Университет) студенті, университеттің миссиясын жүзеге асыруда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өз жауапкершілігімді сезіне отырып, оны сақтап, дамытуды өзімнің міндетім деп санаймын.

Ахмет Ясауи университетінің корпоративтік мәдениеті мен имиджін ескере отырып, мен университетте студенттер, оқытушылар және университет әкімшілігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға күш салуға міндеттенемін.

Университеттен білім беру қызметтерін алу бөлігінде қалыптасқан келісім-шарттық қарым-қатынастар негізінде мен төмендегілерді толығымен сақтауға міндеттенемін:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтауға, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен ішкі нормативтік құжаттарындағы талаптарды орындауға;

2) Университет мәртебесін құрметтеу, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті мәртебесіне ар-намысыммен, еңбегіммен лайықты болуға;

3) Университет мүддесіне қайшы келетін және студент беделіне нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекеттерге қатысудан бас тартуға;

4) Университеттің іскерлік абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір істен бас тартуға, оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кез-кезген әрекеттерді болдырмауға;

5) Университеттің ерекшелігін, озық дәстүрлері мен тарихын білуге және құрметтеуге, сондай ақ студенттер арасында өзіндік еңбегімен үлгі бола білуге;

6) Университет студенттері Қазақстан мен Түркия Республикаларының және басқа да Түркі тілдес елдердің қалыптасу тарихын білуге, ұлттық мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін сыйлауға, қастерлеуге, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтау және оларды құрметтеуге;

7) Жатақхана ережелері мен міндеттерін сақтауға, студентке лайықсыз қылықтар мен іс-әрекеттер жасамауға, тазалық сақтауға, университет мүліктеріне зиян келтірмеуге, арнайы бекітілген орындардан тыс жерлерде темекі шекпеуге, университет қалашығының аумағын спирттік, есірткі, психотроптық және таксикомандық заттарды әкелу және оларды пайдалануға жол бермеуге;

8) Азаматтық қоғам мен мекеме-ұйымдардың қалыпты жұмыс істеуіне және студенттік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін (заңсыз ереуілдерге шығу, санкцияланбаған митингілерге қатысу, т.б.) әрекеттерге қатыспауға;

9) Пара беруге, алуға және осы терминге жататын әрекеттерге әкеп соғуы мүмкін процестерді жүзеге асыруға, атап айтқанда: кез келген нысанда (қаржылық және қаржылық емес) тікелей немесе делдалдар арқылы заңсыз артықшылық ұсыну, уәде ету, беру, қабылдау немесе талап ету, қай жерде болса да қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, жауапты қызмет аясында әрекет ететін немесе әрекет етуден тартылатын тұлғаны ынталандыру немесе сыйақы ретінде немесе жоғарыда аталғандардың кез келген комбинациясында университеттің парақорлыққа қарсы әрекеті аясында басқару жүйесін бұзбауға.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		ЖС-ХКТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат</b>		13 беттің 10-ші беті

Осы құжатқа қол қою арқылы мен танысқанымды/қабылдағанымды/келісетінімді растаймын.

\_\_\_\_\_

(Қолы)

\_\_\_\_\_

(Күні)

Қосымша 2  
Ф-ББ-003/037

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

Бұл құжат қатаң құпия болып табылады (толтырылуы керек) және тек Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - Университет) ішкі қолдану үшін арналған. Осы құжаттың мазмұны үшінші тұлғаларға жария етілмейді және оларды кез-келген басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды.

Кімнен: (Декларацияны толтырған университет қызметкерінің аты-жөні)
Лауазымы: (құрылымдық бөлім атауын көрсете отырып)
Толтырылған күні:

Декларацияны толтыру кезінде көтерілген барлық сұрақтар тек сізге ғана емес, сондай-ақ жұбайыңызға (туыстарыңызға), ата-аналарыңызға (оның ішінде өгей әке-шешесіне), балаларыңызға (оның ішінде асырап алған балаларға), туысқандарыңызға және немере іні-қарындастарыңызға, жұбайыңыздың ата-аналары мен аға-інілеріне және немере аға-інілеріне қатысты болатындығын ескеру қажет. Мен келесі құжаттарды оқығанымды растаймын:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ереже.

Қолы \_\_\_\_\_

№	Сұрақтың тақырыбы	Иә	Жоқ
1.	Сіз университетте пара алу және мүдделер қақтығыстары туралы жағдайларды хабарлайсыз ба?		
2.	Сіз университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану мүмкіндігі туралы хабардарсыз ба?		
3.	Сіздің лауазымыңыздың ерекшеліктеріне байланысты сіз ресми сыйлықтар,		

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		ЖС-ХКТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		13 беттің 11-ші беті

	қайырымдылықтар, қонақ ретінде күту және т.б. қабыл аласыз ба?		
4.	Сіз университет атынан кез-келген транзакцияларға қатысасыз ба (шешім қабылдау, орындалған жұмыстың қабылдануын бекіту, төлем құжаттарын бекіту, тауар жеткізушілерді таңдау және т.б.)?		
5.	Сіздің жұмысыңыз ғылыми, коммерциялық немесе келісім-шарттық жұмыстарды үшінші тараптағы ұйымдармен (мемлекеттік, жеке, квазимемлекеттік, шетелдік) орындау үшін университеттің материалдық ресурстарын және инфрақұрылымын пайдалануымен байланысты ма?		
6.	Сіз сыртқы ұйымдарға төлем жасадыңыз ба немесе университеттің рұқсат етілген төлемдерін жасадыңыз ба?		
7.	Университетте сіздің отбасыңыздың мүшелері (жақын туыстарыңыз) жұмыс істей ме немесе оқи ма?		
8.	Сіздің отбасыңыздың мүшелері (жақын туыстары) университетте сіздің тікелей басшылығыңызда жұмыс істей ме?		
9.	Сіздің отбасыңыздың кез-келген мүшесі (ең жақын туыстарыңыз) университетте сізге әкімшілік, әлеуметтік немесе басқарушылық ықпал етуге мүмкіндік беретін лауазымда жұмыс істей ме?		
10.	Сіз қазір материалдық жауапты қызметте жүрсіз бе?		
11.	Университетте жұмыс істеуден тыс қандай-да бір коммерциялық, ғылыми немесе кәсіпкерлік қызметке қатысыңыз бар ма (мысалы, келісім-шарттық жұмыс, жеке кәсіпкер және т.б.)?		
12.	Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптары бойынша университет қызметкерлерін немесе сіздің әріптестеріңізді (бағыныштыларыңызды) оқыту (хабарлау) жүргіздіңіз бе?		
13.	Сіз өзіңіздің отбасы мүшелеріңізге (жақын туыстарыңызға) немесе сіздің қызметіңізге байланысты адамдарға университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің бар екендігі туралы хабарладыңыз ба?		

Сіздің қосымша түсіндірме ақпаратыңыз (қажет болған жағдайда):

---



---



---



---



---



---

Осымен мен барлық сұрақтарды оқығанымды, түсінгенімді және менің жауаптарым мен түсіндірме ақпаратымның толық, шынайы және дұрыс екенін растаймын.

Қолы: \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) \_\_\_\_\_



